

Монополияға қарсы органның ұқсас тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өндіруді жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік субъектілерінің жоқтығы туралы қорытынды беру қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі Төрағасының 2022 жылғы 8 шілдедегі № 190/НҚ бұйрығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі Төрағасының м.а. 2025 жылғы 8 тамыздағы № 187/НҚ бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі Төрағасының м.а. 08.08.2025 № 187/НҚ бұйрығымен.

"Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 39-бабы 3 -тармағының 27 тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған монополияға қарсы органның ұқсас тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өндіруді жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік субъектілерінің жоқтығы туралы қорытындысын беру қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің (бұдан әрі – Агенттік) Экономикалық шоғырлану және мемлекеттік кәсіпорындарды бақылау департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрыққа қол қойылғаннан кейін күнтізбелік он күн ішінде оны қазақ және орыс тілдерінде ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Агенттік төрағасының орынбасарына жүктелсін.

4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Төраға

С. Жұманғарин

Қазақстан Республикасының
Бәсекелестікті қорғау және
дамыту агенттігі төрағасының
2022 жылғы 8 шілдедегі
№ 190/НҚ бұйрығымен
бекітілген

Монополияға қарсы органның ұқсас тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өндіруді жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік субъектілерінің жоқтығы туралы қорытынды беру қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы монополияға қарсы органның ұқсас тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өндіруді жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік субъектілерінің жоқтығы туралы қорытындысын беру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 39-бабы 3-тармағының 27) тармақшасына сәйкес әзірленді.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғым пайдаланылады:

әлеуетті өнім беруші - Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтарында белгіленген, дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) жүз пайызы мемлекетке тиесілі акционерлік қоғам, жауапкершілігі шектеулі серіктестік және өзі оларға қатысты Қазақстан Республикасының мемлекеттік мүлік туралы заңнамасына сәйкес басқаруды жүзеге асыратын мемлекеттік кәсіпорын.

Осы Қағидаларда пайдаланылатын өзге де ұғымдар Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінде және өзге де нормативтік құқықтық актілерде айқындалған.

2-тарау. Монополияға қарсы органның ұқсас тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өндіруді жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік субъектілерінің жоқтығы туралы қорытындысын беру тәртібі

3. Монополияға қарсы органның ұқсас тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өндіруді жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік субъектілерінің жоқтығы туралы қорытындысын (бұдан әрі – қорытынды) алу үшін мемлекеттік орган монополияға қарсы органға не оның аумақтық бөлімшесіне (бұдан әрі – уәкілетті орган) осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішхатты электрондық құжат айналымының бірыңғай жүйесі арқылы ұсынады.

4. Уәкілетті орган қорытындыны өтінішхат келіп түскен кезден бастап күнтізбелік отыз күн ішінде береді.

5. Уәкілетті орган өтінішхатты қарау барысында нарық субъектілерінен және (немесе) мемлекеттік органдардан қорытынды беру үшін қажетті қосымша мәліметтерді және (немесе) құжаттарды бес жұмыс күнінен кем болмайтын мерзімде сұратуға құқылы.

Қосымша мәліметтерді және (немесе) құжаттарды ұсыну кезеңінде өтінішхатты қарау мерзімі тоқтатыла тұрады, бұл туралы уәкілетті орган

өтінішхат берген мемлекеттік органды мерзім тоқтатыла тұрған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде хабардар етеді.

6. Уәкілетті орган қорытындыны беру кезінде мыналарды пайдалана алады:

- 1) жеке зерттеулер;
- 2) маркетингтік, әлеуметтік зерттеулер, іріктеп сауалнамалар және нарық субъектілеріне, азаматтарға, қоғамдық ұйымдарға сауалнама жүргізу;
- 3) мемлекеттік органдардан, жеке және заңды тұлғалардан алынған мәліметтер;
- 4) ресми статистикалық ақпарат;
қауымдастықтардың, қоғамдық бірлестіктердің, "Атамекен" Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасының деректері.

7. Қорытынды беру мынадай кезеңдерден тұрады:

- 1) тауар нарығын және оның географиялық шекараларын айқындау;
- 2) тиісті тауар нарығында жұмыс істейтін нарық субъектілерінің санын айқындау;
- 3) қорытынды беру.

8. Уәкілетті орган өтінішхатты қарау нәтижелері бойынша көрсетілген қорытындыны:

- 1) сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің атауын;
- 2) ұқсас тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өндіруді жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік субъектілерінің жоқтығы туралы тұжырымын көрсете отырып береді.

9. Қорытындыға уәкілетті орган басшысының жетекшілік ететін орынбасары немесе уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінің басшысы қол қояды.

10. Ұқсас тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өндіруді жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік субъектілері болған кезде уәкілетті орган өтініш берген мемлекеттік органға қорытынды беруден дәлелді бас тартуды жібереді.

Монополияға қарсы органның
ұқсас тауарларды, жұмыстарды,
көрсетілетін қызметтерді өндіруді
жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік
субъектілерінің жоқтығы туралы
қорытындысын беру
қағидаларына
қосымша

Нысан

(уәкілетті органның толық атауы)

(мемлекеттік органның толық атауы)

Монополияға қарсы органның ұқсас тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өндіруді жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік субъектілерінің жоқтығы туралы қорытындысын беру туралы өтінішхат

Монополияға қарсы органның ұқсас тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өндіруді жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік субъектілерінің жоқтығы туралы

қорытындысын беруіңізді сұраймын.

Осы өтінішхатқа осы нысанға қосымшаға сәйкес материалдар қоса беріледі.

Қоса берілген құжаттардың толықтығы мен дұрыстығын растаймын.

Мемлекеттік орган басшысының, орынбасарының қолы

"__" _____ 20__ ж. (қолы).

Монополияға қарсы органның
ұқсас тауарларды, жұмыстарды,
көрсетілетін қызметтерді өндіруді
жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік
субъектілерінің жоқтығы туралы
қорытындысын беру туралы
өтінішхат нысанына
қосымша

Монополияға қарсы органның ұқсас тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өндіруді жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік субъектілерінің жоқтығы туралы қорытындысын алу үшін ұсынылатын материалдардың тізбесі

1.	Байланысушы адам	Оның өкілеттігін растайтын құжатты қоса бере отырып, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымы, мекенжайы, телефоны көрсетіледі
2.	Бір көзден сатып алуды жүзеге асыру мақсаты	Негіздемелер мен мақсаттар санамаланады. Жоспарланатын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бір көзден алу тәсілімен жүзеге асырылатын себептер көрсетіледі.
3.	Тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) бір көзден сатып алу жоспарланатын тауар нарығының шекаралары	Тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер сатып алынатын аумақтардағы әкімшілік шекаралар (аудан, қала, облыс, республика)
4.	Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді бір көзден сатып алудың жоспарланған көлемі	Мәліметтер заттай және құндық мәнде беріледі
5.	Әлеуетті өнім берушіден сатып алынатын тауарларды,	Әлеуетті өнім берушіден сатып алынатын тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін

	жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді көрсету кезеңі	қызметтерді көрсетудің болжамды мерзімі көрсетіледі
--	--	--

Ескертпе. Әрбір сұраққа толық жауап беріледі. Толық ақпарат беру мүмкін болмаған кезде бағалау немесе болжамдық ақпарат оның бағалау немесе болжамдық болып табылатыны көрсетіле отырып ұсынылады, сондай-ақ оны алу көздері және бағалау мен болжамның пайдаланылған әдістері көрсетіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК